

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қаласы

KASE биржалық нарықтың 2024 жылғы қазандағы жұмыс қорытындыларын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылдың қазанындағы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- 2024 жылғы қазанда KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 36,2 трлн теңгені құрады және қыркүйекке қарағанда 2,5 %-ға немесе 879,3 млрд теңгеге өсті.
- Қазан айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 0,8 %-ға өсіп, 5 213,61 тармақты құрады.
- Акциялар нарығын капиталдандыру 0,5 %-ға 31,7 трлн теңгеге дейін өсті, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 3,0 %-ға 13,8 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- Қазан айында листинг процедурасынан төрт жаңа эмитенттің корпоративтік облигациялары өтті.
- 2024 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 745 эмитенттердің 257 атауындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар болды.

ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2024 жылдың қазанында KASE-нің қатысуымен мынадай бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Бизнеске арналған іс-шаралар

"Эмитент күні" жобасы шеңберінде KASE-де "HK BI Development" АҚ басшылығының кездесуі өтті, оның барысында KASE-де теңгелік және долларлық облигацияларды шығару мен орналастыруға байланысты таныстырулар өткізілді.

21 қазанда KASE "BCC Invest" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары А. Оразақовтың қатысуымен KASE Talks өткізді. Әңгімелесу барысында компанияның қор және валюта нарығындағы қызметі, "BCC Invest" АҚ-ның Air Astana IPO-на қатысуы, "Разумның баланс" және "Валютный" АПИҚ қызметінің қорытындылары және стратегиялық жоспарлар талқыланды.

30 қазанда KASE Deutsche Bank қолдауымен Лондонда (Ұлыбритания) Kazakhstan Equity Capital Markets Day конференциясын өткізді, оның шеңберінде KASE, Deutsche Bank, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Қазақстанның Ұлттық банкі, "көгілдір фишкалардың" қазақстандық эмитенттері және т.б Қазақстанның басқа да негізгі қаржы ұйымдарының өкілдері сөз сөйледі. Шараға қатысушылардың арасында Лондон қаласында орналасқан әлемнің жетекші компанияларының 130-дан астам өкілі болды.

Оқыту іс-шаралары

KASE жыл сайынғы KASE – "Биржалық симулятор" конкурсының салтанатты онлайн-жабылу рәсімін өткізді, оның шеңберінде қаржы құралдарымен сауда-саттық жасау есебінен ең үздік инвестициялық портфельді қалыптастырған конкурсқа қатысушылар марапатталды.

KASE Алматы қаласындағы Қазақстан-Британ техникалық университетінің алаңында қазақстандық брокерлердің KASE FEST жәрмеңкесін өткізді. Іс-шара шеңберінде KASE және

брокерлік ұйымдардың өкілдері қатысушыларға қор нарығындағы инвестициялау, брокерлік компаниялармен өзара іс-қимыл туралы айтып берді.

Қазанның 08-нен 24-не дейін KASE бағалы қағаздар нарығының құралдары туралы хабардарлықты арттыру мақсатында "Менің KASE-дегі портфелім" тегін оқыту вебинарларының сериясын өткізді. Вебинарларда спикерлер ретінде KASE қызметкерлері мен тартылған сарапшылар сөз сөйледі.

29 қазанда KASE биржада инвесторлармен өзара іс-қимыл бойынша тренинг өткізді. Тренингте шақырылған сарапшы – Pedrosa IR компаниясының негізін қалаушы және Definition компаниясының президенті Рамон Педроса Лопес сөз сөйледі. Ол қазақстандық қор нарығындағы инвесторлармен, қаржылық талдаушылармен, БАҚ-пен және басқа да стейкхолдерлермен стратегиялық ынтымақтастықтың ерекшеліктерімен бөлісті.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2024 жылдың қазан айының қорытындылары бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 31,7 трлн теңгені (64,8 млрд. USD) құрады, бұл өткен айдың осындай көрсеткішінен 170,2 млрд теңгеге немесе 0,5 %-ға жоғары.

Қазанның аяғында KASE сауда-саттық тізімдерінде 84 эмитенттің 99 атаудағы акциялары болды, оның ішінде екі эмитенттің екі атаудағы акциялары "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді. Есептік айда KASE ресми тізімінен "ЗА-БэстГрупп" АҚ жай акциялары алынып тасталды.

Қазан айында акциялармен сауда-саттық көлемі 18,1 млрд теңгені құрап, қыркүйекпен салыстырғанда 67,2 %-ға немесе 7,3 млрд теңгеге өсті. Қазан айында акциялар сауда-саттығы тек қайталама нарықта өткізілді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 823,3 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 6 028, бір мәміленің орташа көлемі – 136,6 мың теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде қайталама нарықта жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен мәмілелердің жиынтық көлемінің 67,3 %, банктердің үлесіне – 0,3 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 14,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 1,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 16,6 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 9,6 %-ды құрады.

KASE ИНДЕКСІ

KASE Индексінің мәні қазан айында 0,8 %-ға өсіп, айдың соңына қарай 5 213,61 тармақты құрады.

Қазан айында индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 12,1 млрд теңгені құрады, бұл қыркүйек айындағы көрсеткіштен 2,7 млрд теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "Қазақтелеком" АҚ жай акцияларына тиесілі болды – 3,1 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 25,5 %).

KASE өкілеттік тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акция үшін теңге			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.11.24	01.10.24	Δ, %	қазан	қыркүйек	Δ
"Кселл" АҚ	KCEL	3 346,99	3 198,50	+4,6	1 916,5	202,9	+1 713,6
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	218,62	209,59	+4,3	1 114,5	1 436,2	-321,7
"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ	KZAP	18 999,00	18 234,97	+4,2	992,2	817,3	+175,0
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	1 945,00	1 905,00	+2,1	151,8	303,1	-151,3
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	38 500,00	38 100,00	+1,0	3 084,6	515,8	+2 568,7
Kaspi.kz АҚ	KSPI	56 495,99	56 455,00	+0,1	1 698,2	1 365,4	+332,7
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	811,83	815,12	-0,4	610,4	1 853,0	-1 242,6

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	13 579,98	13 899,00	-2,3	661,9	543,7	+118,1
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 442,00	1 505,00	-4,2	1 362,8	1 531,1	-171,3
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	757,90	841,00	-9,9	483,1	831,3	-348,1

Қазан айының қорытындысы бойынша өсім көшбасшысы 4,6 % нәтижемен "Кселл" АҚ акциялары болды. Биыл компания акционерлер құрамының өзгергенін хабарлады: ірі акционерлер құрамына "КС HOLDING LTD" жеке компаниясы кірді.

Айдың қорытындысы бойынша өсу қарқыны бойынша екінші орында – 4,3 % нәтижемен "Қазақстан Халық Банкі" АҚ акциялары. Moody's банктің ұзақ мерзімді рейтингін "Тұрақты" болжамымен "Ваа1" деңгейіне көтерді. Сондай-ақ банк \$300 млн. сомасына синдикатталған қарыз тарту туралы келісімге қол қойылғаны туралы хабарлады. Бұл мәміле 2008 жылдан бері алғаш рет банктің синдикатталған кредиттеудің халықаралық нарығына оралуын білдіреді. Жалпы корпоративтік мақсаттарды қаржыландыруға бағытталатын тартылған кредиттік қаражат банкке қорландыру көздерін тартымды шарттарда қосымша әртарапандыруға мүмкіндік береді.

Есептік айда "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ 4,2 % өсіммен көшбасшылар үштігіне кірді. Компания акционерлерінің шешімімен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ, "KAP Logistics" ЖШС және "Taiqonyr Qyshqyl Zauyty" ЖШС арасында бұрын "Taiqonyr Qyshqyl Zauyty" ЖШС-мен жасалған 2027-2043 жылдар кезеңінде күкірт қышқылын сатып алуға офтейк-келісімшарт бойынша "KAP Logistics" ЖШС міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету бойынша кепілдік шартын жасасу мақұлданды.

"KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2024 жылғы қазанның аяғында "KASE Global" секторында 55 шетелдік эмитенттің 59 бағалы қағазы, оның ішінде 46 атаудағы акциялар және 13 шетелдік эмитенттің ETF болды.

"KASE Global" секторындағы сауда-саттық көлемі қазанда 3,8 млрд теңгені құрап, қыркүйекпен салыстырғанда 58,4 %-ға немесе 1,4 млрд теңгеге өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 171,2 млн. теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 524, бір мәміленің орташа көлемі – 327,0 мың теңгені құрады.

Ай қорытындысы бойынша мәмілелердің ең көп көлемі келесі акцияларға тиесілі болды:

- Apple Inc. (AAPL_KZ) – жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге 536 мәміле;
- NVIDIA Corp. (NVDA_KZ) – жалпы сомасы 491,0 млн теңгеге 1 853 мәміле;
- AMD Corp. (AMD_KZ) – жалпы сомасы 286,2 млн теңгеге 509 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне мәмілелердің жиынтық көлемінің 22,1 %-ы, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 19,3 %-ы, жеке тұлғалардың үлесіне – 58,6 %-ы тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 0,1 %-ды құрады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

KASE-де саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 2024 жылғы қазанда 3,0 %-ға немесе 425,3 млрд теңгеге 13,8 трлн теңгеге (28,2 млрд USD) дейін төмендеді.

2024 жылдың қазан айының аяғында KASE ресми тізімінде 121 эмитенттің 494 корпоративтік облигациялар шығарылымы болды. 2024 жылғы қазанда KASE ресми тізіміне 12 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 26 шығарылымы енгізілді (төрт жаңа): "Finsoft solution" ЖШС, "Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС, "Ломбард GoldFinMarket" ЖШС, "Азиялық несие қоры" микроқаржы ұйымы" ЖШС, "МҚҰ" MyCar Finance ЖШС бір шығарылымынан, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ және BI Development Ltd жеке компаниясының екі шығарылымынан, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Фридом Банк Қазақстан" АҚ, "МҚҰ" Mogo Kazakhstan (Мого Казахстан)" ЖШС үш шығарылымынан және "Интергаз Орталық Азия" АҚ мен "Сейф-Ломбард" ЖШС-нің төрт шығарылымынан енгізілді.

2024 жылдың қазанында KASE ресми тізімінен жеті эмитенттің корпоративтік облигацияларының сегіз шығарылымы алып тасталды.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 2024 жылдың қазанында жылдық 13,59 %-ға дейін 15 базистік тармаққа өсті.

KASE-дегі корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі қыркүйекке қарағанда 46,8 %-ға немесе 114,2 млрд теңгеге 129,7 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 5,9 млрд теңгені (қайталама нарықта – 3,0 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 445 мәміле (қайталама нарықта – 429 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 13,3 млн теңгені (қайталама нарықта – 7,0 млн теңге) құрады.

2024 жылғы қазанда корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 63,4 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылғы қыркүйектегі көрсеткіштен 66,5 %-ға немесе 126,1 млрд теңгеге төмен:

- BI Development Ltd. жеке компаниясы облигациялардың екі шығарылымын орналастырды және:
 - жылдық 7,50 %-дық екі жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 15,0 млн, АҚШ долларын (7,3 млрд, теңгеге балама),
 - жылдық 17,25 %-дық екі жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 15,0 млрд теңге тартты;
- "Лизинг Групп" АҚ бір жылға дейінгі өтеу мерзімімен жылдық 9,99 %-бен облигациялар орналастырып, 1,1 млн АҚШ долларын (539,7 млн теңгеге балама) тартты;
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге жылдық 13,22-13,29 % орташа сараланған кірістілігі бар және бір жылға дейінгі өтеу мерзіммен облигацияларды орналастырып, 20,9 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 38,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 5,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 16,2 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 32,2 %, жеке тұлғалардың үлесі – 8,1 % құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,6 %-ды құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2024 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 21,9 %-ға немесе 11,9 млрд теңгеге 66,3 млрд теңгеге дейін өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 2,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 7,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 6,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 54,8 %, жеке тұлғалардың үлесі – 29,6 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 5,0 %-ды құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы қазан айында 1,8 % немесе 497,3 млрд теңгеге төмендеп, 26,8 трлн теңгені (54,8 млрд USD) құрады.

МБҚ-ның KASE-дегі сауда-саттығының жиынтық көлемі 712,0 млрд теңгені құрады және қыркүйекпен салыстырғанда 61,6 %-ға немесе 271,4 млрд теңгеге ұлғайды. 2024 жылдың қазан айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 32,4 млрд теңгені (қайталама нарықта – 5,4 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 21 (қайталама нарықта – 15), бір мәміленің орташа көлемі – 1,6 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,4 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 2,3 есеге немесе 335,9 млрд теңгеге 593,1 млрд теңгеге дейін өсті. Оның ішінде 54,5 млрд теңгені 11 облыстың, Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері тартты (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды қаржыландыру мақсатында). Қаржы министрлігі өтеуге дейінгі мерзімі бір жылдан 14,1 жылға дейінгі облигациялар орналастырып, жылдық 12,45-13,45 % өтеуге кірістілігімен 538,6 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесіне 72,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 12,2 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 15,1 % тиесілі болды. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығына қатыспады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 35,2 %-ға немесе 64,5 млрд теңгеге төмендеп, 119,0 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі 52,1 % немесе жалпы сауда-саттық көлемінің 62,0 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 43,6 % немесе 51,8 млрд теңгені, Қазақстан Республикасының еурооблигациялар үлесі – 4,2 % немесе 5,0 млрд теңгені құрады. Қалған 0,1 % немесе 143,5 млн теңгені құрайтын көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ, Түркия және Австрия Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары) мәмілелерге тиесілі болды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта банктердің үлесіне 42,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 1,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 6,1 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 49,0 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,2 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 12,3 % деп бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Қазанның аяғында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 64 шығарылымының облигациялары болды: Еуразиялық даму банкінің 23 шығарылымы, Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 18 шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің 5 шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясының бір шығарылымы болды.

2024 жылдың қазанында "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторына Азия даму банкі мен Еуропалық инвестициялық банктің облигацияларының бір шығарылымы және Халықаралық қайта құру және даму банкінің екі шығарылымы енгізілді. Қазан айында айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты Азия даму банкі мен Еуразия даму банкінің облигацияларының бір шығарылымы тізімнен алып тасталды.

Қазанда халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттықтың барлық көлемі қайталама нарыққа түсті және өткен аймен салыстырғанда 90,0 % немесе 2,7 млрд теңгеге төмендеп, 300,5 млн теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 13,7 млн теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – бір мәміле, бір мәміленің орташа көлемі – 21,5 млн теңге болды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде ХҚҰ-ның қайталама нарығында брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 21,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 48,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 30,2 % құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 29,0 % бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2024 жылдың 01 қарашасында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаратын инвестициялық пай қорлары құралының 23 құралы мен алты ETF болды.

Есептік айда сауда-саттық көлемі 376,8 млн теңгені құрап, 2024 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 24,3 %-ға немесе 120,7 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 52,5 % жеке тұлғалардың шоттарына, 35,9 % - өзге заңды тұлғаларға, 11,6 % - брокерлік-дилерлік ұйымдарға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 2,0 %-ды құрады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2024 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, "ForteBank" АҚ және "Эйр Астана" АҚ жай акциялары болып табылатын алты шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды.

2024 жылғы қазанда сауда-саттық көлемі 265,2 млн. теңгені құрап, 2024 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 26,7 %-ға немесе 96,5 млн. теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 77,2 % жеке тұлғалардың шоттарына, 21,9 % - брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 0,9 % - өзге заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,4 %-дан аз болды.

ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың қазан айында KASE-дегі шетел валютасы нарығындағы сауда-саттыққа 36 KASE мүшесі қатысты.

Шетел валютасы нарығындағы сауда-саттық көлемі қыркүйекпен салыстырғанда 31,7 %-ға 4,7 трлн теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 214,1 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 1 077, бір мәміленің орташа көлемі – 198,9 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де сатылатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтіріледі (жақшада өткен айға көрсеткіштің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа алынған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда- саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін бағаланатын валютаның саны	Қазан айының соңындағы бағам (өлшем %)
USD/KZT	6 476,6 (+33,1 %)	66,8 % (+1,6 %)	18 035 (+4 389)	479,30-496,26	488,23 (+1,5 %)
RUB/KZT	228 135,9 (+49,5 %)	24,4 % (+ 2,1 %)	3 829 (-536)	5,0000-5,2700	5,0335 (-2,4 %)
CNY/KZT	895,7 (+0,1 %)	1,3 % (- 0,4 %)	359 (-93)	67,6200-69,4300	68,4242 (-0,6 %)
EUR/KZT	196,2 (+30,7 %)	2,2 % (-0,01 %)	797 (+119)	522,12-540,82	530,57 (-1,4 %)
EUR/USD	373,1 (+79,7 %)	4,2 % (+1,1 %)	566 (+308)	1,0775-1,1140	1,0851 (-3,0 %)
USD/CNY	97,3 (-75,6 %)	1,0 % (-4,3 %)	99 (+22)	7,0547-7,1639	7,1239 (+1,9 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі қазан айында қыркүйектегі көрсеткішпен салыстырғанда 1,2 %-ға немесе 377,5 млрд теңгеге төмендеп, 30,6 трлн теңгені құрады.

11 қазанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 б.т. пайыздық дәлізімен жылдық 14,25 % деңгейінде сақтауды қабылдады. Тиісінше, өтімділікті беру бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 15,25 %, ал өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша – 13,25 % құрады.

Бір жұмыс күніне ашық USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған кірістілік мәнін білдіретін MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы 12,80 % дейін өсті.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Қазанда репо операцияларының жиынтық көлемі 23,7 трлн теңгені құрады, бұл қыркүйек айындағы көлемнен 205,3 млрд теңгеге немесе 0,9 %-ға аз. Орташа күндік көрсеткіште

операциялардың көлемі 1,1 трлн теңгені құрады, күн сайынғы жасалған мәмілелердің орташа саны – 726, мәміленің орташа көлемі – 1,5 млрд теңге.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 18,7 трлн теңгені немесе 78,8 %-ды, МеБҚ-мен авторепо – 5,0 трлн теңгені немесе 21,1 %-ды, МБҚ тікелей репосы – 0,1 млрд теңгені немесе 0,1 %-дан кем, МеБҚ тікелей репосы – 7,2 млрд теңгені немесе 0,1 %-дан кем, КҚС-мен авторепо – 19,2 млрд теңге немесе 0,1 % болды.

Қазан айының соңына қарай TONIA индикаторы (Биржада МБҚ портфелінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 13,18 %-дан 13,67 %-ға дейін 49 б.т. өсті.

TRION индикаторы (Биржа Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ портфелінің бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында бір күн ішінде Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 13,18 %-дан 13,68 %-ға дейін 50 б.т. өсті.

TWINA индикаторы (Биржада Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ портфелі бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 13,32 %-дан 13,72 %-ға дейін 40 б.т. өсті.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі қазанда 6,9 трлн теңгені құрады, бұл қыркүйек айындағы көлемнен 172,2 млрд теңгеге немесе 2,4 %-ға төмен. Операциялардың орташа күнделікті көлемі 312,8 млрд теңгені құрады, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа саны – 75, мәмілелердің орташа көлемі – 4,2 млрд теңге.

Құралдық құрылымда 6 841,2 млрд теңге немесе 99,4 %, своп сауда-саттығының барлық көлемі USDKZT своптарына, 14,2 млрд теңге немесе 0,2 %, – RUBKZT-ға, 6,8 млрд теңге немесе 0,1 % – EURKZT-ге, 19,7 млрд теңге немесе 0,3 % – EURUSD-ға тиесілі болды.

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	2 327,3	4 786,1	33,8
	USDKZT_0_002	3 690,5	7 592,8	53,6
	USDKZT_1_001	821,3	1 690,0	11,9
	USDKZT_0_01W	0,6	1,2	<0,1
	USDKZT_0_01M	1,5	3,0	<0,1
EUR/KZT	EURKZT_0_001	0,3	0,6	<0,1
	EURKZT_1_001	6,5	12,2	0,1
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	1,7	332,5	<0,1
	RUBKZT_1_001	12,5	2 477,9	0,2
EUR/USD	EURUSD_1_001	19,7	37,2	0,3

Бір күндік доллар свопының кірістілігі SWAP-1D (USD) қазан айының аяғында бір айда 222 б.т. ұлғайып, жылдық 9,43 %-ға жетті. Екі күндік валюта свопының кірістілігі SWAP-2D (USD) қазан айында жылдық 8,49 %-ға дейін 98 б.т. өсті.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында саудаға АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына, ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамына, KASE индексіне, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ мен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер қолжетімді.

KASE Индексінің фьючерстері бойынша KASE-дегі маркет-мейкердің міндеттерін "NGDEM Finance" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ-ның жай акцияларына фьючерстер бойынша – "Nalyk Finance" АҚ атқарады.

Қазан айында деривативтер нарығында мәмілелер жүргізілген жоқ. 01 қарашада деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығы – репо және своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.